

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, МҰРАҒАТТАР ЖӘНЕ  
КҮЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ  
Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨНІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛЖЕТАНУ МУЗЕЙІ**



**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА  
АРНАЛҒАН  
«ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ:  
ДӘУІР, ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛАР»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА:  
ЭПОХА, СОБЫТИЯ И ЛИЧНОСТИ»,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 550 ЛЕТИЮ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА**

10. Загоскин Н.П. История Казанского университета за первые 100 лет его существования (1804-1904 гг.). Казань, 1902, Том 1.
11. НА РТ Ф.977, Оп. Совет, Д.6279
12. Известия ОАИЭ. Том II, 1879; Казань -1880.
13. Штукенберг А.А. Музей Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете.// Известия ОАИЭ, Том X, Выпуск 3.-1892.
14. Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии просвещения.- Алма-Ата: «Казахстан», 1965.-342с.
15. НА РТ Ф.977, Оп. Совет, Д.9471
16. ГАОрО Ф.94, Оп.1, Д.93
17. Отчет ОАИЭ при Императорском Казанском университете за 1894 год. Казань, Типо-литография университета.-1895.-27с.
18. Протоколы общих собраний и заседаний ОАИЭ за 1911г.- Казань, 1912.
19. НА РТ Ф.977, Оп. Совет, Д.9815
20. Войтеховский А.Киргизы Кустанайского уезда Тургайской области.// Известия ОАИЭ. Том XXVI, Вып.4.- Казань, 1910.- С.342-358; Заседателев Н.И. Археология в Туркестане.//Известия ОАИЭ. Том XIV, Вып.2.-Казань, 1897.-С.135-140

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯСЫ

*(Музей қоры материалдары бойынша)*

Б.С.Есіркепов

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі*

Музей – заттық ескерткіштерді жинаумен халықтың жадын, тарихын сақтайтын, қорғайтын және оны насихаттаушы мәдениет мекемесі. Музейдің негізі – оның жәдігерлері, құнды дүниелері. Музей - ғылыми-зерттеу орталығы, ол жинақтаған жәдігерлері арқылы зерттеушілерге негіз боларлықтай қор жинаушы, осыдан барып, ғылымға айналысқа түсуге негізжасайды. [1, 27 б.]

Музей қоры – музейге тұрақты сақтауға белгілі ережеге сай алынған заттардың ғылыми ұйымдастырылған жиынтығы. [2, 366 б.]Музей қоры туралы Л.М.Шляхтина былай деп түсінік береді: музей қоры – әрдайым дамып, жетіліп, өзгеріске ұшырап отыратын жүйе». [3, 96 б.]Музей қорына келіп түскен заттардың барлығы қорларды ғылыми-зерттеу бөлімінің қызметкерлерінің арнайы талдауынан өтіп есепке алынады. Музей қорларын есепке алу – қор жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Барлық музей заты мен коллекциялары мемлекеттік есепке алынады. Музей заттары мен коллекцияларын есепке алу – оларды сәйкестендіру, сақтауды ұйымдастыру, орнын анықтау, сақталу жағдайын бақылау, ғылыми-зерттеу және оларды тиімді әрі ұтымды пайдалану мақсатында арнайы есепке алу-сақтау құжаттарына тіркеу болып табылады.[4, 229 б.]

Музей заттарынан құралған коллекция жүйесі - заттардың сақталуына, тіркелуіне, зерттелуіне қолайлы жағдай жасау, тек музей ғана емес сонымен бірге басқа да барлық оған мұқтаж ұйымдар мен мекемелердің ақпаратты табуына және қолдануына қолайлы жағдай жасау керек. [3, 89-бет] Өкінішке қарай бүгінгі таңда Қазақстан музейлері алдында мамандардың жетіспеуі, музей қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын ғылыми әдістемелік орталықтың болмауы және тағы да басқа көптеген маңызды проблемалар бары белгілі.Музей қорының жұмысы заңдастырылмауы, қор бойынша ғылыми негізделген әдістемелік еңбектердің жоқтығы музей қорының ғылыми жүйеленуін тежейді. Бүгінде Қазақстан

музейлерінің қор жұмысы Кеңестік кезеңде белгіленген нұсқаулар бойынша, шетелдік музейтанушы ғалымдардың ғылыми еңбектері негізінде жасалуда.

Ғылыми түгендеу жұмыстарына тұрақты қолданысқа түскен музейдің барлық заттары жатады. Музей заттары жинақталған құрамына байланысты ғылыми түгендеу жұмыстары кезінде негізгі қордың классификациялануына сәйкес жекелеген топтармен жүйеленеді. Көлемді музей заттары жинақталған музейде бөлімдерге, ал бөлім ішінде қабылданған классификациялау бойынша топтар арқылы жүйеге келтіріледі.

Өлкетану музейлерінде заттардың түріне байланысты, топтамаға, материалдың түріне байланысты, өнердің түріне байланысты, техникасына, белгіленуіне байланысты жүйеленеді. Мысалы: Этнографиялық коллекциялар: металдан жасалған бұйымдар, ағаш, қыштар, маталар және басқа; қару-жарақтар, жиһаз т.б.: [5]

2014 жылдан бастап Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақталған этнографиялық бұйымдарға ғылыми түгендеу жұмыстарын жүргізу қолға алынды. Музейдің негізгі қор тіркеу кітабынан этнографиялық бұйымдар бөліп алынып, электронды опись жасалды. Опись бойынша музей қорындағы этнографиялық жәдігерлерге түгендеу жұмысы жүргізіліп, фото-суретке түсірілді. Этнографиялық экспонаттардың саны 1795 дана (бұл жерде заттардың саны жобамен берілді, жүйелеу, анықтау барысында толығы немесе кемі мүмкін) болды. Әлі коллекция бойынша зерттеу жұмыстары, атап айтсақ оларды классификациялау, жүйелеу жалғасуда. Зерттеу барысында алғашқы этнографиялық экспонаттардың музей құрылған алғашқы жылдары жинақтала бастағаны анықталды. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі 1929 жылы жергілікті өлкетанушылардың қолдауымен ашылған. Музейдің ғылыми қорында сақталған 1931 жылғы жылдық есепте ... "пополнение музея материалами предствляемых явлений старого народного быта казахов и достижения элементов нового культурного быта при Советской власти" деп жазылған. [6, 9 б.] 1935 жылғы музейдің жылдық есебінде экспозицияға қатысты бөлімінде «... в бытовом отделе показаны одежда, утварь, украшения казахского народа, выставлены манекены казахи и казашки» деп жазылған. [1, 6-7 бет] Ал, 1946 ылғы облыстық музейдің қызметіне байланысты есебінде .. "Научная деятельность музея заключается в основном в подборе и пророботке и систематизации материалов вновь поступивших в отделы музея" – деп жазылған. [6, 4 б.] Оның ішінде құнды жәдігерлер қатарына жататындары да жеткілікті. 1947 жылдың тіркеуіне назар аударсақ: ұлттық киімдер ішінен қызыл барқытқа алтын түсті жіппен кесте төгіп тігілген-қыжым кебіс, 232 дана – күміс ұлттық әшекей бұйымдар тіркелген. [1, 77 бет] 1948 жылғы жылдық есепте музей қоры «по казахскому быту и историко-революционное прошлое Казахстана, - казахские национальные вещи; куржум, шаровары, женское платьа, халаты, принадлежности к кибитки с надписями из корана, пояса, шапка, чапан, сундуки с национальным орнаментами, кольца, браслеты, подвечи и т.д.» толықтырылды деп есеп берген. [7, 56 б.] 1948 жылы экспонат саны 3061 данаға жеткен. Экспонаттарды ақтілеу жұмысы жүргізілмесе де 1947-ші, 1953-ші жылдарда түскен тізімі жасалып, сақталған және кейбір тапсырушылардың аты-жөндері, не тапсырғандары туралы мәліметтер оқушы дәптеріне жазылған. Байғанин, Ойыл, Қарабұтақ аудандарына экспедиция кезінде құжат материалдар, заттай материалдар жинақталған. [1, 47 б.] Музейдің ғылыми қорында сақталған деректерде келтірілгендей музей қорын этнографиялық экспонаттармен толықтыру жұмысы музейдің алғашқы күнінен бастау алған. Қорға қабылданған экспонаттардың көп бөлігі ғылыми зерттеліп, жүйеленіп, тіркеу кітабына заңды түрде тіркелмеуіне алдымен музейдің тұрақты ғимаратының болмауының ықпалы болғаны сөзсіз. Жергілікті өлкетанушылардың қолдауымен ашылған музей көп жылдар тұрақты мекен-жай көрмегендіктен жинақталған экспонаттардың көпшілігін сақтау мүмкіншілігі болмады. Оның ішінде жүннен жасалған бұйымдар тез бұзылып, көгеріп сақталуы бірден өзгеріп отырған. Музей бірнеше ғимаратқа көшіп, Ұлы Отан соғысы жылдары музей өз қызметін уақытша тоқтатып, музей экспонаттары қоймада температурасы экспонат сақтауға сәйкес келмейтін жерлерде тұрған. Бұл туралы музей қорында сақталған Жылдық есептердің "О состоянии музея" тарауында жылдар бойы кездесіп келген музейдің ғимаратына байланысты

қиындықтар мен экспонаттарды сақтауға, тіркеуге байланысты жүйелі инвентарлық кітаптың жоқтығын алға тартып есеп тапсырылған. [6, 4, 7 б.] ? 1946 жылдары музей көшірілген ғимараттың астыңғы бөлігі түгел көкөніс қоймасы болған. Жаз мезгілінде жағымсыз иіс барлық музейді алып кетсе (3 бөлмеге орналасқан музей), қыс мезгілінде өте суық болғандықтан, көптеген экспонаттар бұзылып, жарылу жағдайларына ұшыраған. Осындай қиындықтарға қарамастан музейге құнды экспонаттар тұрмыстық бұйымдар, қазақтың ұлттық бұйымдары: киімдері, зергерлік бұйымдардың түрлері базардан, жеке адамдардан сатып алынған, сый ретінде қабылданғандары да бар. Мысалы: әйел адамның зерленген барқыт көйлегі, қыз баланың зерлі бас киімі, тері шалбар түрлері, ат әбзелдері, қоржын, арабша жазуы бар тостаған, сүйектелген қант шаққыштар, сүйектелген домбыра, картиналар және т.б. экспонаттар музей қорына алынған. [1, 47 б.]

1965 жылы Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне бұрынғы қонақ үйдің ғимараты тұрақты беріліп, музей экспонаттары бұрынғы жертеде, гаражда, қоймалардан жинақталған күннен құтылып тұрақты мекенге көшірілді. 1965 жылдан бастап экспонаттарды қабылдау актілері толтырыла бастаған. Бұл уақытқа дейін музей қорына келіп түскен экспонаттар тек тіркеу кітабына (инвентарная книга) тіркелсе, осы жылдан бастап қорда сақталған экспонаттар актіленіп, хаттама жасалған. Бұл құжаттар музей қорының негізгі құжаттары болып табылады.

1965 жылғы облыстық музей қорына қабылдау актісінің алғашқы экспонаттары облыстың табиғи ескерткіштері тіркелген. Ал, этнографиялық экспонаттардың алғашқысы болып, 25 желтоқсандағы қабылдау актісімен ГПП-266 тіркеу номерімен алаша, ГПП-189/1-2 номерімен сырға, сақина ГПП-103 тіркеу номерлерімен тіркелген. [8, 10 б.] Акті бойынша қабылданған экспонаттарды қабылдау барысында №1 хаттама толтырылған. Комиссия мүшесінде қор бөлімінің меңгеруші Савина П.М., аға ғылыми қызметкер Р.Ильсоева және аға зал қараушы Т.Кужанова қатысқан. Хаттамада этнографиялық экспонаттардың сақталуы, өлшемі, жасаған шебері және иесі жазылған. Алашаның өлшемі 1,50×2,27 м, Иесі: Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылы, Алтынсарин көшесі №7 үй тұрғыны Байтуринова Боле, құжат №671760 жазылған. Экспонаттардың сақталуы жақсы және қаулы бойынша Алашаны -80 рубльге, сырғаны – 3,50 рубльге, сақинаны – 3,50 рубльге, барлығы 87 рубльге сатып алсын деген қаулы жасалған. Осы қабылданған экспонаттардың ішінде сырға мен сақинаға коллекциялық опись толтырылған. Оның “подробное наименование коллекции” атты бөлігіне “серги и кольцо серебряные” деп толтырылған. Описью берілген мәлімет бойынша: Сырғаның келген екі бөліктен біріктірілген, қызыл ақықпен әшекейленген. 1913-1915 жылдары жасалған. Сақина–үлкен ақықтасы бар. Жоғарыда аталған иесі туралы мәлімет жазылған. [8, 11 б.]

1966 жылғы қабылдау актілерде тіркелген экспонаттар арасында қонысаударушылардың тұрмыстық, этнографиялық заттары қабылданғандары көптеп кездеседі. 1966 жылдың 24 наурыз №22 актісінде Орынбор облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған қоныстанушылардың 3 дана киімдерін Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған ұлттық киімін ауыстырылғаны туралы жазылған. Хаттамада Орынбор облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан ауыстырылған киім үлгілерінің сипаттамасы мен инвентарлық номері толық жазылғанмен, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан берілген қазақтың ұлттық киімінің саны, сипаттамасы туралы мәлімет берілмеген. [9, 31, 32 б.]

1965 жылдан бастап облыстық музей қорына келіп түскен экспонаттарға қабылдау актісі тіркелген меноларды 1980 жылы облыстық музей директоры Рысжан Ильсоева директор болып тағайындалғаннан кейін музейдің ғылыми қоры жасақталып сақталған қабылдау актілерді жылдарына байланысты жүйелеп, түптеп алғаш рет музей архиві құрылады. [10, 39 б.] Музей ардагерлері О.Өтепова, Р.Досовалардың айтуы бойынша 1980 жылдары барлық ғылыми қызметкерлер музейдің қорына байланысты жасалған жұмыстарға белсене араласқан. Тіркеу кітабы қайта көшірілген. Қабылдау актілері түгенделіп, түптелген. Музейдің жылдық есептері түгенделген. 1980 жылдың тамыз айында облыстық музей

директоры болып тағайындалған Рысжан Ильясова қор бөлімінің меңгерушісі зейнетке кететін уақытқа сәйкес келеді. Өлкетанушының “Қазына” атты кітабында тоқталғандай “...Анығын айтсам не бар, не жоғы белгісіз, не істерін білмей жаңа директордың келуін күтіп отыр екен. ....Бұрынғы кітаптардың ішінен бір нұсқауды басшылыққа алып, тәуекелге бел байлап мәдениет министріне жағдайды қысқаша баяндай келіп, музей қорын енді қолда барын қайта тіркеуден өткізуге рұқат сұрадым. Келісім бұйрық алған бойда комиссия құрып, бірнеше ай барлық экспонаттарды қайта тіркеуден өткіздік. Бізге жеткен экспонаттар түгенделді. Мынау жоқ, дейтін дерек жоқ”деп тоқталады. [10,25, 26 б.] Музей қорына келіп түскен экспонаттар осы жылдан бастап жүйеленіп, экспонат туралы мәліметтер толығын жазыла бастаған.

Облыстық музейдің этнографиялық коллекциясында ағаш бұйымдары арасында киіз үй жиһаздарымен қатар тұрмыстық заттар қатарына жататын – асадал, кебеже, сандық адалбақан, секілді бұйымдар Республикаға белгілі халық шебері Айдос Мұратовтың (1881-1970 жж.) қолынан шыққан дүниелері. Қолөнер шебері ҚР суретшілер Одағының мүшесі Қ.Жұбаниязовтың қолынан шыққан сандық, кебеже, лауық, төсек ағаш, жастық ағаш т.б. заттары этнография залының сәніне айналды. Ырғыз уезі Қабырға болысының болысы – Ораз Тәтеұлы (1856-1917 жж.) тұтынған сандық, Кіші жүз тарихында ізі қалған Арынғазы хан (1785-1833 жж.) пайдаланған қайың ағашынан ойып жасаған қымыз шара, сапты аяқ, металл тостаған, ағаш ожау этнографиялық құнды жәдігерлер. [11, 10 б.]

Музей қорында ұлттық өнердің өзекті мәселелерін зерттеген, ғалым-этнограф -Халип Арғынбаев өзінің ғылыми еңбегіне енгізген құнды бұйымдардың бірегейі ою-өрнектермен бедерленген күбі және қолөнер шебері, өнер зерттеуші Ы.Райымбергеновтың (1929-1988 жж.) қобызы сақталған. [11, 11 б.]

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында заттардың құрылуы ұзақ процестерден өткен үлкен тарихы болғанымен, олар көптеген зерттеулерді қажет етеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғасырлар мұрасының шырақшысы. Ақтөбе, 2014 жыл
2. Юренева Т.Ю. Музееведение. – Москва, 2006 г.
3. Шляхтина Л.М. Основы музейного дела. Теория и практика. Москва, 2009
4. Шулепова Э.Е. Основы музееведения, Москва 2005
5. Министерство культуры СССР, приказ от июля 1985 г. №290 об утверждении инструкции по учету и хранению музейных ценностей, находящихся в государственных музеях СССР
6. Годовой отчет о работе музея за 1931-1946 гг. Научный архив Актюбинской областной историко-краеведческий музей. Инв.№1
7. Годовой отчет о работе музея за 1947-1949 гг. Научный архив Актюбинской областной историко-краеведческий музей. Инв.№3
8. АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1965 года.
9. АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1965 года.
10. Р.Ильясова Қазына. Алматы, 2001 ж
11. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақтаулы дәстүрлі казак мәдениетінің этнографиялық бұйымдар каталогі. Ақтөбе, 2013 ж.